

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША / БАЯНДАМАЛАР

Халық қазынасы – ұрпақ айнасы

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.07.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/16406/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сейтжанова Айгул Бахытовна

Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылар да, оны қастерлеп жадина сақтаушылар да, келер ұрпақты тәрбиелеуде құрал ретінде жұмсаушылар да ақын-жыраулар болғанын, олар өздерінің жыр маржаны мен жастардың сана-сезімін тәрбиелеп жетілдіруде қоғамдық тәрбиешілердің рөлін атқарғанына ғарамыз.

Қазақтың ұлттық философиясының бір ерекшелігі – ұлттық базисінің көшпелі өмірмен, мал шаруашылығымен тығыз байланыстылығы. Тіршіліктің тұтқасы төрт түлік малда деп ұққан қазақ малды жанмен бірдей санаған. Екі қазақ кездесе кетіп амандық сұрасса, “мал-жанаман ба?” — деп сұрауы да сол пікіргесаяды. Терісі мен жүнін киім қып киіп, еті мен сүтіназық етіп күн көрген, саусауын, мінсекөлік ретінде пайдаланған төрт түлікті (әсіресе, жылқы малын) қадірлеп, қастерлеу қазақ баласы үшін өмір заңы болып есептелген. Өйткені, мал данайрылушыбын жаннан айрылумен бірдей болған. “Мал ашуы — жанашуы”, “Малдың беті шарық, малсыздың күні көріп”, “Мал баққанға бітеді”, “Жаманға жан жуымас, жалқауға мал жуымас” деп, ерінбей еңбек етсең ғана мал табасың, малсыз өмір жоқ, күн көрісің қараң деген ойды түйдірген. Олзанды да. Себебі, тіршіліктің басқатүрі жоқ көшпелі қазақ үшін мал бағып күн көру — өмір сүрудің негізгі тірегі болып саналды. Осыған байланысты — төрт түлік малға арналған мақал-мәтел, ертегі-әңгіме, жаңылтпаш, жұмбақтардың қазақ ауыз әдебиетінде орасан көп болуы, мал атауларының молдығы, тіпті сұлу қызды “Ботакөз”, ал батыр, алғыр жігітті “Нар жігіт” деп атауы, немесе баласын “қозым”, “құлыным”, “ботам” деп айналып-толғануы, бір жағынан, ұлттық психологияның тілдегі көрінісі болып саналса, екіншіден фольклорлық шығармалардың этнопедагогикада тәрбие құралы ретінде қызмет ететін кенін байқатады.

Тұрмыс-тіршіліктің, еңбек пен кәсіптің өмірдегі көрінісі ұлттық салт-дәстүрлер арқылы марапатталатыны көпке аян. Ал, қазақ халқының салт-дәстүрі малмен, көшіп-қонумен байланысты туып дамыған. Наурыз тойлары, көшіп келген ағайынға ерулік немесе көшердек көршілерге көшерлік беру, бие байлау, сірне, қымыз жинау, малдың төлдеуімен байланысты уызға, күздік теңарын-майға, қыстасоғымғашақыру, отқа май құю, келіннің отқасалар әкелуі т.б. ырым, жол-жоралар, тіпті қыздың қалың малын немесе ердің құнын да мал санымен есептеу сияқты салт-дәстүрлердің халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен байланыстытуғанын дәлелдейді. Сөйтіп, салт-дәстүрлер, бір жағынан, халықтың тұрмыс-тіршілігінің айнасы іспетті болса, екіншіден, соларқылы ғасырлар бойы өз ұрпағына еңбекке, адамгершілікке, өнерге, өмірге икемдеуді тәрбие құралы ретінде пайдаланған.

Халқымыздың сан ғасырлық ұрпақ тәрбиесі халықтық салт-дәстүрлер мен ауыз әдебиеті үлгілерінен негізделген негізгі қағидалары бар. Ақылдың көзі логикалық дұрыс ойда жатыр. Логикалық жүйе мен ойлай білу — дұрыс жүйелеп сөйлей білуге жетектейтін жол, сөйлеу мәдениетінің алғашқы баспалдағы.

“Тіл мен ойлау — еңбектің жемісі. Тілойдың сыртқашыққан көрінісі” — деп К. Маркстекке айтпаған. Адамның басында қандай ой туса да, егер оны жинақтап қорытып, жүйелеп, лайықты сөзбен дәл бере алмаса, олайтушыға да, тыңдаушыға да түсініксіз, күңгірт, көлеңке болады. Дұрыс сөйлей білудегеніміз — дұрыс ойлай білу, ал ол логика мен этнолингвистиканың бірлігін еңтуындайды. Тіл — мәдениет пен қатар өсіп, өркендейтін қоғамдық құбылыс.

Кемеңгер ойдың иелері — ұлы даналар кезінде сөз құдіретінің қоғамдағы тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөліп келген бол атын. Мысалы, Шығыстың классик ақыны Ә. Науаи: “Ас — тұзбен дәмді, су — мұзбен дәмді, ал адамзат — салиқалы, саналы сөзімен сәнді”, — десе, француздың данышпан жазушысы О. Бальзак: “Сөз өнері — өнер атаулының қиыны және құдіреттісі”, — дейді. Осы ойды тереңдеткен ұлы ақын Абай: “Сөз өнері дерт пен тең”, — десе, Л. Н. Толстой: “Сөз ұлы нәрсе. Сөз бен адамдарды достастыруға да болады, жауластыруға да болады”, — дейді.

Ал қарапайым қазақтың мақал-мәтелдерінен де осы идеялар өзекті орын алған, Мәселен, “Таппасаң сөздің жүйесін, отына өзің күйесің”, “Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі”, “Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле”, “Жүйелі сөз жүйесін табаар” деп, дұрыс ойлап, дұрыс сөйлей білудің үлкен өнері екенін ұрпақ біткенге үнемі ұқтырып келді. Осыны жастардың зердесіне ұялатуды қажет деп ұққан қариялар “Көп сөз — күміс, аз сөз — алтын”, “Ақылдың сөзі қысқа, көпке болар нұсқа”, “Тоқсанауыз сөздің тобықтай түйіні бар” деп, философиялық ой топшылаған.

Сөз шең, өнерлі ақын, әнші азаматтарға жиын-тойларда төрден орын беріп,

қошеметкөрсеткен. Сөзбастағаншешендіқолбастағанбатырмен пара-пар санаған. Жастардышешендікке, сөзөнерінеүйретуүшінәке-шешелері, аталары мен әжелеріоларғамақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, терме, өлең-жыржаттатыпүйреткен. Ойын-тойдақыз бен жігіттербір-екіауызөлеңменқағысып, айтысудыәдеткеайналдырған. Солайтыстүрлеріненжеңіспенкөзгетүскенақындардыкөтермелеп, бүкілауылдың, рудың, елдіңатынанұлыдүбіртойлардасөзсайысынақосып, жеңгенақындардыкөтермелеп, атмінгізіп, шапанжапқан. Немесеекіелдің дау-шарларынсөзтапқышақылдыадамдарғажүгініпшешкізген. Сөйтіп, тапқыройлышешендергеүлкенқұрметкөрсеткен. “Тілдіңмайынтамызып, сөздіңбалынағызып, қасшешендерсөзайтар”, “Көпішіндесөйлеген — көсемдердіңбелгісі, ойғасалмайсөйлегеншешендердіңбелгісі”, “Шешенсөзбастар, батыр қолбастар” дегенмақал-мәтелдеросы ойдыдәріптеуденшыққан.

Соныменқатар, қазақтыңырым, жоралғылары, тыйымсөздерібаланыңтәй-тәйбасқаншағынанзердесінежинала берсе, өміржолындаүлкеназықболарыдаусыз.Ырымдар: Бала дүниегекелгендешілдесуыналыпқою, сойылғанқойдыңкәрі жілігін баланың буындары тез қатайсын деген мақсатта босағаға іліп қою, т.б.Тыйымдар: Бас киімдіжергетастамау, аяқкиімдіжоғарығақоймау, тамақтыңбетінашықтастамау, нандыбаспау – тазалықтыңнышаны. «Қызғақырықүйдентыйым» — қыздараяғынаспанғақөтермеу, қаттыдауысшығарыпкүлмеу,керілмеу -қызбалағаберілерібалытәрбиеніңжелісі.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.